

## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № 366 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 3 желтоқсанда № 21723 болып тіркелді.

### БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2020 жылғы 3 желтоқсаны  
№ 366 бұйрығымен бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10087 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларында:

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Өтінімдерді қабылдау өңдеуші кәсіпорынның тіркелген орны бойынша тиісті жылдың 1 сәуірінен 1 желтоқсаны (қоса алғанда) аралығында жүзеге асырылады.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын (бұдан әрі – Тізбе).

**2. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.03.2021 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген, 2019 жылғы 28 наурызда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларында:

2-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) қой шаруашылығындағы оператор – саулық басы 500 бастан басталатын, тауарлық отарларға асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды жалға беруді жүзеге асыратын, сондай-ақ одан әрі бордақылау үшін еркек тоқтыларды сатып алуды жүзеге асыратын шаруашылық;"

18-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Қаржы институты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған кредит беру шарты шеңберінде жергілікті атқарушы органға (көрсетілетін қызметті берушіге) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 17-нысан бойынша арнайы шотқа субсидиялар аударуға өтінім береді.";

көрсетілген Қағидаларға 2 және 5-қосымшалар осы Тізбеге 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің өзгерістер  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
1-қосымша  
Өңдеуші кәсіпорындардың  
ауыл шаруашылық өнімін  
тереңдете өңдеп өнім өндіруі  
үшін оны сатып алу  
шығындарын субсидиялау  
қағидаларына 2-қосымша  
Нысан

**Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауға арналған өтінім**

\_\_\_\_\_ жергілікті атқарушы органына

(облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың)

кімнен: \_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Маған сары май/қатты ірімшік/құрғақ (сүт майы алынбаған, майы алынған)\* өндіру үшін \_\_\_\_\_ килограмм көлемінде ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға \_\_\_\_\_ теңге (сома цифрмен және жазбаша) мөлшерінде субсидия төлеуді сұраймын.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер.

Заңды тұлға үшін:

атауы \_\_\_\_\_

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) \_\_\_\_\_

басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі \_\_\_\_\_

мекенжайы: \_\_\_\_\_

телефон (факс) нөмірі: \_\_\_\_\_

Жеке тұлға үшін:

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі \_\_\_\_\_

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) \_\_\_\_\_

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі \_\_\_\_\_

кім берді \_\_\_\_\_

берілген күні \_\_\_\_\_

мекенжайы: \_\_\_\_\_

телефон (факс) нөмірі: \_\_\_\_\_

Жеке тұлға үшін дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама:

орналасқан жері \_\_\_\_\_

хабарламаның берілген күні \_\_\_\_\_

2. Өңдеуші кәсіпорынның екінші деңгейдегі банктегі немесе ұлттық почта операторындағы ағымдағы шотының мәліметтері:

ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

бенефициар коды (бұдан әрі – Кбе) \_\_\_\_\_

банктің немесе почта операторының деректемелері: \_\_\_\_\_

банктің немесе почта операторының атауы: \_\_\_\_\_

банктің сәйкестендіру коды \_\_\_\_\_

жеке сәйкестендіру коды \_\_\_\_\_

БСН \_\_\_\_\_

Кбе \_\_\_\_\_

3. Ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсалған шығындарды (өтінім берілген сәттегі) растайтын шот-фактуралар туралы мәліметтер\*\*:

№	Шот-фактура нөмірі	Шот-фактураның берілген күні	Ауыл шаруашылығы өнімінің атауы	Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі, килограмм	Бағасы, килограмна теңге, ҚҚС-ны есептемегенде	Құны, теңге	Сатушының атауы және ЖСН-сы/БСН-сы
1	2	3	4	5	6	7	8
	Жиыны (нақты сатып алу бағасы көрсетіледі)						

4. Тиесілі субсидиялар есептемесі (автоматты түрде толтырылады):

Тереңдете өңделген өнімнің атауы	Өндірілген өнімнің көлемі, килограмм	Түпкілікті өнімді бастапқы өнімге қайта есептеу коэффициенті	Түпкілікті өнімді бастапқы өнімге қайта есептеу нәтижесі	Шот-фактурадан алынған деректер бойынша нақты сатып алынған ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі, килограмм	Субсидия нормативі, теңге/килограмм	Қысқартылған субсидия нормативі, теңге/килограмм (бар болса)	Бюджеттік субсидиялар сомасы, теңге

Ескертпе:

\* бір өңдеуші кәсіпорын тереңдете өңдеу өнімдерінің бірнеше түрін өндірген жағдайда, өтінім өнімнің әрбір түрі бойынша жеке-жеке беріледі.

\*\*әрбір ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші, ауыл шаруашылығы кооперативі және дайындаушы ұйым бойынша мәліметтер жеке-жеке толтырылады.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім беремін.

Өтінім беруші 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_ қол қойып, жіберді:

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ-ның қойылған күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

ЭСҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ-ның қойылған күні мен уақыты

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің өзгерістер  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
2-қосымша

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.03.2021 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрлігінің өзгерістер  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
3-қосымша

Асыл тұқымды мал  
шаруашылығын дамытуды, мал  
шаруашылығының өнімділігін

және өнім сапасын арттыруды  
субсидиялау қағидаларына  
2-қосымша

**Субсидиялар алуға үміткер тауар өндірушілерге қойылатын өлшемшарттар**

p/c №	Субсидиялау бағыты	Өлшемшарттар	САЖ - да субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеру әдісі	Өтінімді беру мерзімі
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:	Өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да барлық мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі.	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	<p>1. Өсімді молайтуда асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды мынадай талаптарға сәйкес пайдалану:1) жиырма бес аналық басқа кемінде бір асыл тұқымды тұқымдық бұқа;2) қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау;3) жасы ағымдағы жылдың 1 маусымына 12 айдан кем болмауы;4) бұрын тұқымдық түрлендіруде пайдаланылмаған.</p> <p>2. 27 айға дейінгі қоса есептегенде аналық басты қоспағанда, соңғы 12 айда алынған төлдің САТЖАҚ-та тіркелген болуы.</p> <p>3. Ауыл шаруашылығы кооперативі үшін – ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелері бойынша мәліметтердің ірі қара малдың аналық басының иелері туралы мәліметтермен сәйкестігі.</p>	САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 15 сәуірден 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
		1) аналық баста тиісті тұқым бойынша Республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы;2) аналық басты асыл тұқымды тұқымдық бұқаларының ұрығымен қолдан		

1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	ұрықтандыру немесе өсімін молайтуда бірінші санатты асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдалану; 3) 27 айға дейінгі қоса есептегенде аналық басты қоспағанда, сонғы 12 айда алынған төлдің САТЖАҚ-та тіркелген болуы; 4) ауыл шаруашылығы кооперативі үшін – ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелері бойынша мәліметтердің ірі қара малдың аналық басының иелері туралы мәліметтермен сәйкестігі.	САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл;	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	1) өтінімді берген сәтте пайдаланылатын тұқымдық бұқаның САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелуінің болуы және деректерінің сәйкестігі; 2) етті мал шаруашылығындағы операторда есепке алу нөмірінің және арнайы комиссияның оң қорытындысы бар сыйымдылығы кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңының сертификатталған болуы (тек етті мал шаруашылығындағы операторлар үшін); 3) етті мал шаруашылығындағы оператордың шаруашылықпен/ауыл шаруашылығы кооперативімен жасалған асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды жалдау шартының немесе осы өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке қосалқы шаруашылықтардағы мал басынан қалыптастырылған қоғамдық табында тауар өндірушілердің асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды бекітіп беру және пайдалану жөніндегі елді мекен тұрғындары - мал иелері жиыны хаттамасының болуы; 4) асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды мынадай нормативтерге сәйкес пайдалану: жиырма бес аналық басқа кемінде бір асыл тұқымды тұқымдық бұқа есебінен; қоғамдық табында - қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 15 сәуірден 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін



		п а й д а л а н б а у ; тауарлық табында - табында қатарынан екі шағылыстыру маусымы пайдалану;жасы ағымдағы жылдың 1 маусымына 12 айдан кем болмауы.		қоса алғанда) дейін
3.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың отандық асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;2) мал басында тиісті тұқым бойынша Республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы;3) сатып алынған мал басының жасы сатып алу сәтінде (ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған жағдайда - малды сатушыда (экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте):қашарлар - 6 айдан 18 айға дейін (қоса алғанда);құнажындар - 13 айдан 26 айға дейін (қоса алғанда);бұқашықтар - 6 айдан 26 айға дейін (қоса алғанда);4) өсімін молайту мақсатында сатып алынған асыл тұқымды аналық мал басын өлім-жітімнің зоотехникалық нормасы шегінде пайдалану - кемінде екі жыл.	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі)
4.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу			
5.	Шығу тегі асыл тұқымдыға сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу			

6.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 50 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарына өткізілген немесе о р н ы ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да өткізілген немесе орны ауыстырылған бұқашықтардың тіркелуінің болуы және мәліметтердің сәйкестігі; 2) бордақылау алаңына өткізілген немесе орнын ауыстырған бұқашықтың тірі салмағы 200 килограмнан, ет өңдеуші кәсіпорнына 400 килограмнан; 3) бұқашықтардың жасы 7-ден 18 айға дейін (қоса алғанда); 4) сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына немесе сою қуаты тәулігіне 50 бас ет өңдеуші кәсіпорындарына арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы.	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім өткізілген немесе о р н ы ауыстырылғаннан бастап алты айдың ішінде беріледі)
7.	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандату	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорынға арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы, онда: 1) жобалық қуаты тәулігіне кемінде 1500 бас болатын ірі қара малды соятын және етін сүйектен ажырататын өз жабдығының болуы; 2) сойылған ірі қара малдың қалдықтарын кәдеге жарататын өз жүйесінің болуы; 3) халықаралық сапа стандартына (халықаралық аудитпен, тиісті сертификатпен расталған) сәйкес болуы.	САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім өткізілген өнім үшін төлем алынған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі)
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы				
1.	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу	1) аналық мал басында тиісті тұқым бойынша Республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы; 2) тұқымдық бұқалар ұрығының асыл тұқымдық құндылығы индекстерінің болуы; асыл тұқымдық сапаларының кешенді индексі, бағалаудың сенімділігі, сүт сауымы, тоңмай, өнімді тіршілік ету кезеңі, төлдеу жеңілдігі, ұрықтылығы, соматикалық	САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған
1.1	бір жынысты			

1.2	қос жынысты	жасушалардың құрамы;3) сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың ұрығына асыл тұқымды куәліктің (сертификаттың) болуы; 4) қажеттілік нормасы (бір басқа екі доза есебінен).		сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі)
2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу:	1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;2) аналық мал басында тиісті тұқым бойынша Республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы;3) сатып алынған мал басының жасы сатып алу сәтінде (ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған жағдайда - малды сатушыда (экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте):қашарлар - 6 айдан 18 айға дейін (қоса алғанда);кұнажындар - 13 айдан 26 айға дейін (қоса алғанда);бұқашықтар - 6 айдан 26 айға дейін (қоса алғанда);4) өсімін молайту мақсатында сатып алынған асыл тұқымды аналық мал басын өлім-жітімнің зоотехникалық нормасы шегінде пайдалану - кемінде екі жыл.	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі)
3.	Сүт өндіру құнын арзандату:	өтінімді берген сәтте аналық мал басының САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелген болуы және деректердің сәйкестігі (ауыл шаруашылығы кооперативтерін қоспағанда) .		
	Бағымдағы сиырларының	1) әр сиырдан май, ақуыз және соматикалық жасушалар көрсеткіштері бойынша сауылымға зоотехникалық бақылау жүргізу үшін ай сайын сүт сынамаларын іріктеу (аккредиттелген зертханаларда);2) азықты жыл сайынғы зоотехникалық талдау;3) пайдалануға берілген немесе тиісті инфрақұрылыммен жаңғыртудан өткен,		

3.1	саны 600 бастан басталатын шаруашылық	сиырларды байламай ұстауға арналған қора-жайы, автоматтандырылған сауу қондырғысы бар сауу залы (карусель, шырша, параллель, тандем, роботталған машина), азықтық цехтары, ветеринариялық пункты бар тауарлық сүт фермасына берген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы.		
3.2	Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық	1) әр сиырдан май, ақуыз және соматикалық жасушалар көрсеткіштері бойынша сауылымға зоотехникалық бақылау жүргізу үшін ай сайын сүт сынамаларын іріктеу (аккредиттелген зертханаларда);2) азықты жыл сайынғы зоотехникалық талдау;3) пайдалануға берілген немесе тиісті инфрақұрылыммен жаңғыртудан өткен, тасымалданатын сауу қондырғыларын қоса алғанда, автоматтандырылған немесе машинамен саууға арналған жабдығы, азықтық цехтары, ветеринариялық пункты бар тауарлық сүт фермасына берген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы.	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім өткізілген өнімге төлемді алған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі)
3.3	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық	1) әр сиырдан май, ақуыз және соматикалық жасушалар көрсеткіштері бойынша сауылымға зоотехникалық бақылау жүргізу үшін ай сайын сүт сынамаларын іріктеу (аккредиттелген зертханаларда);2) тасымалданатын сауу қондырғыларын қоса алғанда, машина саууға арналған жабдығы, сиырларды күтіп-бағуға арналған қора-жай; тасымалды сауу қондырғысын қоса алғанда, машинамен сауу;ветеринариялық препараттарды сақтау орны, малға арналған бекіткіші бар тауарлық сүт фермасына берген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы.		
		1) жеке сүт қабылдау пунктiнiң болуы немесе сүт өңдеу зауытынан 100		

3.4	А у ы л шаруашылығы кооперативі	километрге (қоса алғанда) дейінгі қашықтық кезінде меншікті/жалға алынған сүт тасығыштың болуы;2) дайындалған сүтті сүт өңдеуші кәсіпорынға өткізу.		
4.	Ірі қара малдың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату	1) эмбрионның асыл тұқымды құндылық индекстерінің болуы: асыл тұқымдық сапасының кешенді индексі, бағалаудың сенімділігі, сүт сауымы, тоңмай, өнімді тіршілік ету кезеңі, төлдеу жеңілдігі, ұрықтылығы, соматикалық жасушалардың құрамы;2) эмбрионға асыл тұқымды куәліктің (сертификаттың) болуы.	САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
5	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	1) субсидия алуға арналағн өтінімде көрсетілген аналық мал басының САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелген болуы және деректердің сәйкестігі;2) шаруа (фермер) қожалықтары мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаның ұрығымен қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді көрсету бойынша шарттың болуы;3) осы өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша ұрықтандырылған ірі қара малдың аналық басын ұрықтандыру және зерттеп-қарау актісінің болуы;4) асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың ұрығына Республикалық палата берген асыл тұқымдық куәліктің болуы;5) асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінің тізіліміне енгізілген асыл тұқымды орталықтан ұрпақтарының сапасы бойынша бағаланған, жеке таңбасы бар асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың ұрығын сатып алуға арналған шарттың болуы.	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
Етті құс шаруашылығы				

1.	Ата-енелік/ ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	1) өтінімді берген сәтте асыл тұқымды тәуліктік балапанның САТЖАҚ-та тіркелген болуы;2) Республикалық палата берген асыл тұқымды мәртебенің болуы.	САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі)
2.	Құс етін өндіру құнын арзандату	1) жылына 500 тонна құс етінің нақты өндірісі (қызметін 12 айдан аз жүзеге асыратын тауар өндірушілер үшін өндірістің нақты көлемі қызмет кезеңіне айларға бөлінген және 12 айға көбейтілген өндірілген өнімнің нақты мәлімделген көлеміне сүйене отырып анықталады);2) жаңадан салынған немесе технологиялық жабдық бойынша жаңғыртудан өткен (құстарды күтіп-бағуға арналған жабдық, азықтандырудың, сумен жабдықтаудың, желдетудің автоматтандырылған жүйесі, құс сою желісі (сою цехы)) құс фабрикасына берген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы;3) тізбеленген сертификаттардың (ИСО, ХАССП азық-түлік қауіпсіздігі жүйесі) бірінің болуы.	САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім өткізілген өнімге төлемді алған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі)
3.	Күрке тауық етін өндіру құнын арзандату	1) жылына 500 тонна құс етінің нақты өндірісі (қызметін 12 айдан аз жүзеге асыратын тауар өндірушілер үшін өндірістің нақты көлемі қызмет кезеңіне айларға бөлінген және 12 айға көбейтілген өндірілген өнімнің нақты мәлімделген көлеміне сүйене отырып анықталады);2) жаңадан салынған немесе технологиялық жабдық бойынша жаңғыртудан өткен (құстарды күтіп-бағуға арналған жабдық, азықтандырудың, сумен жабдықтаудың, желдетудің автоматтандырылған жүйесі, құс сою желісі (сою цехы)) құс фабрикасына берген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы;3) тізбеленген сертификаттардың (ИСО, ХАССП азық-түлік қауіпсіздігі жүйесі) бірінің болуы.	САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім өткізілген өнімге төлемді алған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі)
4.	Суда жүзегін құс етін өндіру құнын арзандату	1) жылына 20 тонна құс етінің нақты өндірісі (қызметін 12 айдан аз жүзеге асыратын тауар өндірушілер үшін өндірістің нақты көлемі қызмет кезеңіне айларға бөлінген және 12 айға көбейтілген өндірілген өнімнің нақты мәлімделген көлеміне сүйене отырып анықталады);2) құстарды күтіп-бағуға арналған қора-жайы, союға арналған жабдығы бар құс фабрикасына берген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы.	САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім өткізілген өнімге төлемді алған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі)

Жұмыртқалы құс шаруашылығы

1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	Импорт кезінде: финалдық нысандағы тәуліктік балапанға асыл тұқымды куәліктің (сертификаттың) және/немесе финалдық нысандағы тәуліктік балапан алынған ата-енелеріне асыл тұқымдық куәліктің (сертификаттың) болуы; Елдің ішінде сатып алғанда: өтінім берген сәтте финалдық нысандағы тәуліктік балапанның ата-енелерінің Республикалық палатада тіркелген болуы.	САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі)
2.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату			
2.1	200 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	1) құс етінің нақты өндірісі жылына 20 млн. данадан бастап (қызметін 12 айдан аз жүзеге асырып келе жатқан тауар өндірушілер үшін қызмет кезеңі айларға бөлініп, 12 айға көбейтілген өндірілген өнімнің нақты мәлімделген көлеміне сүйене отырып айқындалады);	САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім өткізілген өнімге төлемді алған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі)
2.2	150 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	2) жаңадан салынған немесе технологиялық жабдықтау бойынша жаңғыртудан өткен (құстарды күтіп-бағуға арналған жабдықтар, азықтандырудың, сумен жабдықтаудың, желдетудің автоматтандырылған жүйесі, жұмыртқаларды сұрыптауға арналған автоматты машина) инфрақұрылымы бар құс фабрикасына берген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы;		
2.3	100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	3) тізбеленген сертификаттардың (ИСО, ХАССП азық-түлік қауіпсіздігі жүйесі) бірінің болуы.		
2.4	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс			
2.5	20 миллион данадан басталатын нақты өндіріс			
Қой шаруашылығы				

1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:	Өтінімді берген сәтте барлық мал басын САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі.	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	<p>1) аналық баста Республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің б о л у ы ;</p> <p>2) аналық басты асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың ұрықтарымен (өзінің қошқарларын немесе жалдау шарттарымен) қолдан ұрықтандыруды мынадай талаптарға сәйкес пайдалану: еркін шағылыстыру кезінде жиырма бес аналық басқа кемінде бір асыл тұқымды тұқымдық қошқар және/немесе қолдан ұрықтандыруда үш жүз аналық басқа кемінде бір асыл тұқымды тұқымдық қошқар; асыл тұқымды тұқымдық қошқарды еркін шағылыстыру кезінде екі шағылыстыру кезеңінен артық пайдаланбау, қолдан ұрықтандыруда 5 жылдан артық п а й д а л а н б а у ;</p> <p>3) 18 айға дейінгі қоса есептегенде аналық басты қоспағанда, соңғы 12 айда алынған төлдің САТЖАҚ-та тіркелген болуы;</p> <p>4) Ауыл шаруашылығы кооперативі үшін – ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелері бойынша мәліметтердің ірі қара малдың аналық басының иелері туралы мәліметтермен сәйкестігі.</p>	САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл
		1) мынадай талаптарға сәйкес аналық басты қолдан ұрықтандыруды пайдалану және (немесе) асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды (өзінің қошқарларын немесе жалдау шарттарымен) өсімді молайтуда пайдалану және оларды бұрын тұқымдық түрлендіруде пайдаланылмаған қошқарларға ауыстыру: еркін шағылыстыру кезінде жиырма бес	ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін



1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы	аналық басқа кемінде бір асыл тұқымды тұқымдық қошқар және/немесе қолдан ұрықтандыруда үш жүз аналық басқа кемінде бір тұқымдық қошқар немесе асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың мұздатылған ұрығын пайдалану, тұқымдық қошқарды қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау; 2) асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың жасы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне 12 айдан кем болмауы; 3) 18 айға дейінгі қоса есептегенде аналық басты қоспағанда, соңғы 12 айда алынған төлдің САТЖАҚ-та тіркелген болуы; 4) Ауыл шаруашылығы кооперативі үшін – ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелері бойынша мәліметтердің ірі қара малдың аналық басының иелері туралы мәліметтермен сәйкестігі.	САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
2.	Асыл тұқымды қойларды сатып алу	1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;2) сатып алынған мал басының жасы (ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған жағдайда - малды сатушыда (экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте): тұқымдық қошқарлар - 6 айдан 18 айға дейін (қоса алғанда);қойлардың аналық басы - 6 айдан 18 айға дейін (қоса алғанда); 3) өсімін молайту мақсатында сатып алынған асыл тұқымды аналық мал басын өлім-жітімнің зоотехникалық нормасы шегінде пайдалану - кемінде екі жыл.	САТЖАҚ-пер және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі)
	Тауарлық отардың өсімін молайту	1) өтінім берген сәтте жалға алушыда 500 бас қойдың аналық басының болуы; 2) операторда тауарлық шаруашылықпен жасалған асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды отарға жалға беру шартының		

3.	үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарды күтіп-бағу	болуы;3) өтінімді берген сәтте тұқымдық қошқардың САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелуі және деректердің сәйкестігі; 4) аталған отарда асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау; 5) еркін шағылыстыру кезінде жиырма бес аналық басқа кемінде бір асыл тұқымды тұқымдық қошқар.	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
4	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 5000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарына өткізілген қошқарлардың құнын арзандату	1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да өткізілген немесе орны ауыстырылған қошқарлардың тіркелуі және мәліметтердің сәйкестігі; 2) бордақылау алаңдарына өткізілетін немесе орны ауыстырылатын қошқарлардың жасы 4 айдан 12 айға дейін қоса есептегенде;3) бордақылау алаңдарына өткізілген немесе орнын ауыстырылған қошқарлардың тірідей салмағы 25 килограмнан. ет өңдеуші кәсіпорнына 30 килограмнан;4) сыйымдылығы бір уақытта кемінде 5000 бас болатын бордақылау алаңына немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарына берген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы.	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім өткізілген немесе орнын ауыстырған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі)
5.	Қойлардың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату	1) донор ретінде пайдаланатын асыл тұқымды малда өз өнімділігі бойынша бағаның болуы;2) эмбрионға асыл тұқымдық куәліктің (сертификаттың) болуы .	САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
	Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық	1) субсидияларды алуға арналған өтінімде көрсетілген аналық мал басының САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелуінің болуы және деректердің сәйкестігі;2) шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық бастарын қолдан		ағымдағы жылғы 1 мамырдан 20

6.	бастарын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді көрсету бойынша шарттың болуы;3) осы өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша қойлардың аналық бастарын ұрықтандыру туралы актінің болуы;4) өз өнімділігі бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық қошқардың болуы .	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
----	--	---	---	----------------------------------

Жылқы шаруашылығы

1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды айғырларды сатып алу	1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;2) сатып алынған мал басының жасы (ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған жағдайда - малды сатушыда (экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте) - 18 айдан 60 айға дейін (қоса алғанда);3) өсімін молайту мақсатында сатып алынған асыл тұқымды тұқымдық айғырды өлім-жітімнің зоотехникалық нормасы шегінде кемінде екі жыл пайдалану.	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі)
----	--	--	---	---

Түйе шаруашылығы

1.	Асыл тұқымды тұқымдық түйелерді сатып алу	1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;2) сатып алынған малдың жасы (елдің ішінен сатып алған кезде - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде, импорттаған кезде - малды сатушыда (экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте) - 12 айдан 60 айға дейін (қоса алғанда);3) өсімін молайту мақсатында сатып алынған асыл тұқымды тұқымдық түйені өлім-жітімнің зоотехникалық нормасы шегінде кемінде екі жыл пайдалану.	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі)
----	---	--	---	---

Шошқа шаруашылығы

--	--	--	--	--

1.	Асыл тұқымды шошқаларды сатып алу	1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;2) сатып алынған жануар басының жасы: ел ішінен сатып алынған жағдайда асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде - 3 айдан 12 айға дейін (қоса алғанда); импорт кезінде жануарды сатушыда (экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте - 1 айдан 12 айға дейін (қоса алғанда); 3) өсімін молайту мақсатында сатып алынған асыл тұқымды аналық басын пайдалану - кемінде екі жыл.	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі)
2.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	1) өтінімді берген сәтте барлық мал басын, содай-ақ кемінде 50 бас мегежінді САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;2) өсімді молайтуда аналық және шошқа басын толықтыратын басты қолдан ұрықтандыруда пайдалану немесе зоотехникалық нормативтерге сәйкес асыл тұқымды тұқымдық еркек шошқаларды қолдан шағылыстыру кезінде елу басқа кемінде бір өндіруші еркек шошқаны немесе қолдан ұрықтандыру кезінде екі жүз басқа кемінде бір өндіруші еркек шошқаны пайдалану;3) тұқымдық еркек шошқаларды қатарынан екі жылдан артық пайдаланбау.	1) және 3) САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл2) САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
Жергілікті бюджеттен бөлінген бюджет қаражаты есебінен				
1.	Маралдардың (бұғылардың) аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	1) өтінімді берген сәтте мал басын (САТЖАҚ-та және Республикалық палатада тіркеудің болуы);2) аталықтардың жасы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне 36 айдан кем болмауы ; 3) отыз аналық басқа кемінде бір тұқымдық аталық;4) тұқымдық аталықты қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау.	САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен 1 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін

2.	Балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	<p>1) САТЖАҚ-та кемінде 10 балара ұясының болуы және Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 10 маусымдағы №136 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6334 болып тіркелген) бекітілген Есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснаманың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шаруа немесе фермер қожалықтарын есепке алу дәптерінен үзінді көшірменің және/немесе өтінім берген сәтте Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2020 жылғы 10 ақпандағы № 21 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20030 болып тіркелген) бекітілген "Мал шаруашылығының жай-күйі туралы есеп" (индексі 24-аш, кезеңділігі айлық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанынан үзінді көшірменің САТЖАҚ-та орналастырылуы;</p> <p>2) бейіндік ғылыми-зерттеу ұйымы бекіткен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жоспарының болуы және САТЖАҚ-та орналастырылуы;</p> <p>3) асыл тұқымды бал ара ұясын Республикалық палатада тіркеу.</p>	САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 15 сәуірден 1 қазанға (қоса алғанда) дейін
3	А у ы л шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату:	Өтінімді берген сәтте аналық мал басының САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелуі және деректердің сәйкестігі.		

3.1	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы	Өтінімді берген сәтте (18 айдан асқан сиыр мен қашарлардың) меншікті аналық басының 600 бастан кем емес болуы.	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
3.2	Ірі қара малдың аналық басы	1) өтінімді берген сәтте (18 айдан асқан сиыр мен қашарлардың) меншікті аналық басының 50 бастан кем емес болуы;2) жайылымның болуы.		
3.3	Ұсақ малдың аналық басы	1) өтінімді берген сәтте меншікті қойдың/ешкінің аналық басының (12 айдан асқан) 300 бастан кем емес болуы;2) жайылымның болуы.		
3.4	Жылқылардың аналық басы	1) өтінімді берген сәтте меншікті аналық басының (36 айдан асқан) 50 бастан кем емес болуы;2) жайылымның болуы.		
3.5	Түйелердің аналық басы	1) өтінімді берген сәтте меншікті аналық басының (36 айдан асқан) 50 бастан кем емес болуы;2) жайылымның болуы.		
4.	Ешкілердің асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу	1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;2) сатып алынған мал басының жасы (ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған жағдайда - малды сатушыда (экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте) ешкілердің басы - 6 айдан 18 айға дейін (қоса алғанда); 3) өсімін молайту мақсатында сатып алынған асыл тұқымды аналық мал басын өлім-жітімнің зоотехникалық нормасы шегінде пайдалану - кемінде екі жыл.	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі)
		1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да аналық мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі; 2) өтінім берген сәтте үш жастан асқан		ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда)

5	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	кемінде 30 бас меншікті аналық мал басының болуы;3) сүтті сүт өңдеу кәсіпорындарына немесе есепке алу нөмірі бар сүт өңдеу цехына өткізу;4) бие сүтінің жылдық өндіріс көлемі сауылатын биенің 1 басына 750 килограмнан аспауы тиіс.	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	дейін (өтінім өткізілген өнімге төлемді алған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі)
6	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	1) өтінімді берген сәтте аналық мал басын тіркеудің САТЖАҚ-та және АЖБ-да болуы және деректердің сәйкестігі; 2) үш жастан асқан кемінде 30 бас меншікті аналық мал басының болуы;3) сүтті сүт өңдеу кәсіпорындарына немесе есепке алу нөмірі бар сүт өңдеу цехына өткізу;4) түйе сүтінің жылдық өндіріс көлемі сауылатын інгеннің 1 басына 1500 килограмнан аспауы тиіс.	САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім өткізілген өнімге төлемді алған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі)

#### Ескертпе:

Жануарларды күнтізбелік жыл ішінде сатып алған кезде ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар сомасының есебі жануарларды АЖБ-да тіркеген сәттен бастап жүзеге асырылады.

Мыналар субсидиялауға жатпайды:

1) бұрын сатып алу кезінде құнын арзандатуға субсидияланған, айырбас бойынша өзара есеп айырысу есебіне сатып алынған немесе өсімін молайту үшін пайдаланылмайтын жануарларды, асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алу;

2) ағымдағы шағылыстыру маусымында селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізілгені үшін субсидиялау бағыты бойынша ағымдағы жылы субсидияланған ірі қара малдың, қойдың, маралдардың аналық басымен және балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс;

3) ағымдығы жылы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды/асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды күтіп-бағу бағыты бойынша субсидияланған табындарда/отарларда өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық бұқалар/асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар;

4) ауыл шаруашылығы кооперативтерін қоспағанда, тауар өндірушілер басқа жеке және заңды тұлғалардан одан әрі қайта сату және (немесе) өңдеу үшін сатып алған бұқашықтар/қошқарлар және мал шаруашылығы өнімдері;

5) тұқымдық түрлендіру нәтижесінде алынбаған, сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылауға және сою қуаты тәулігіне 50 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарына өткізілген немесе орны ауыстырылған бұқашықтар (асыл тұқымды аналық малдан алынған бұқашықтарды қоспағанда);

6) тұқымдық түрлендіру нәтижесінде алынбаған, сыйымдылығы бір уақытта кемінде 5000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылауға және сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарына өткізілген немесе орны ауыстырылған қошқарлар (асыл тұқымды аналық малдан алынған қошқарларды қоспағанда);

7) етті құс шаруашылығының жанама өнімдері – аяқтары, бастары, ішкі органдары;

8) қаптамасыз өткізілген өңделген сүт;

9) тауар өндірушілер, соңғы он екі айда асыл тұқымды мақсаттарға меншікті асыл тұқымды аналық мал басын сатқан жағдайда отандық асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

10) сыйақыны өтеу бойынша жеңілдікті кезең ұсыну және/немесе басқа мақсаттарға (құрылыс-монтаждау жұмыстары, техника/жабдық сатып алу, айналым қаражатын толықтыру) қаржыландыру көзделген кредит беру шарттарын қоспағанда, сатып алынатын импортталған асыл тұқымды ірі қара малды/қойларды немесе шығу тегі асыл тұқымдыға сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын қоспағанда, кредит беру шартында қосымша кепіл талабы көзделген жағдайда, арнайы шотқа аудару бойынша субсидиялар алуға арналған өтінімдер;

11) ағымдағы жылы селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізгені үшін субсидияланған қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет көрсеткені үшін аналық мал басы;

12) Қазақстан Республикасы аумағында орналаспаған, сүт өңдеу кәсіпорнына өткізілген сүт;

13) өтінім берген сәтте шаруашылықтағы аналық мал басынан тумаған бордақылау алаңдарына немесе ет өңдеу кәсіпорындарына өткізілген немесе орны ауыстырылған бұқашықтар/қошқарлар;

14) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелген мал басы туралы деректердің (жануардың сәйкестендіру нөмірі, жынысы, тұқымы, туған күні) алшақтығы бар тауар өндірушілер;

15) өткен жылы шығын келтірілген ауыл шаруашылығы жануарларының азыққа жұмсалған шығын құнын арзандату, сондай-ақ, ағымдағы жылы бұрын субсидияланған азық шығындарының құнын арзандатуға арналған ауыл шаруашылығы жануарлары.

Субсидиялар алуға берілген өтінімдер шеңберінде тауар өндірушінің міндеттемелерді орындамауы алынған субсидияны қайтаруға негіз болып табылады.

аббревиатуралардың толық жазылуы:



САЖ – субсидиялаудың ақпараттық жүйесі;

САТЖАҚ – селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қоры;

ХАССП (ағылшын тілінен HACCP – Hazard Analysis and Critical Control Points) – тәуекелдерді және сыни бақылау нүктелерін талдау үшін әзірленген және қабылданған халықаралық стандарт;

ИСО (ағылшын тілінен ISO – International Standard for Organization) – стандарттау жөніндегі ұлттық ұйымдардың дүниежүзілік федерациясы әзірлеген және қабылдаған халықаралық стандарт.

Субсидиялар алуға үміткер  
тауар өндірушінің  
өлшемшарттарына  
1-қосымша  
Нысан

**Елді мекен тұрғындары – мал иелері жиынының жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған қоғамдық табында асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды бекітіп беру және пайдалану жөніндегі хаттамасы**

1. Елді мекен \_\_\_\_\_

(өңірдің, елді мекеннің атауы)

2. Жиынның өткізілген күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_.

3. Жиынға малдары бар мал иелері \_\_\_\_\_ адам қатысты.

4. Ағымдағы жайылым маусымында қоғамдық табындағы ірі қара малдың \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ аналық басын асыл тұқымды тұқымдық бұқалармен еркін шағылыстыруды ұйымдастыру жоспарлануда.

5. Асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды өсімді молайтуда зоотехникалық нормативтерге сәйкес пайдалану.

6. Қоғамдық табынның 6 айдан асқан тұқымсыз бұқаларын піштіру.

Қоғамдық табында тұқымдық бұқаларды бекітіп беру және пайдалану бойынша тұрғындар жиынына қатысушылардың тізімі

\_\_\_\_\_ (өңірдің, елді мекеннің атауы)

Р/с №	Аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Қолы	Күні
1.				
2.				

3. \_\_\_\_\_

Жиынды өткізу қорытындылары бойынша жоғарыда көрсетілген елді мекен тұрғындары:

- 1) қоғамдық табында асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдалану туралы;
- 2) аталған қоғамдық табынның барлық тұқымсыз бұқаларын піштіру туралы шешім қабылдады.

Қоғамдық табында бекітілген тұқымдық бұқалардың тізімі:

p/c №	Асыл тұқымды тұқымдық бұқаның бірдейлендіру нөмірі	Тұқымы	Тіркеу нөмірі	Бұқаның иесі
1.				
2.				
3.				

Қоғамдық табындағы аналық бастың тізімі:

p/c №	Аналық бастың бірдейлендіру нөмірі	Тұқымы	Аналық мал басы иесінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және жеке сәйкестендіру нөмірі
1.			
2.			
3.			

Асыл тұқымды бұқаны жалға беретін жеке/заңды тұлға

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Ауылдық округ әкімі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Тұрғындар жиынының хатшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Осы хаттаманың сканерленген көшірмесі мен мәліметтерін тиісті ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі ағымдағы жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қорында орналастыруға тиіс.

Субсидиялар алуға үміткер  
тауар өндірушінің  
өлшемшарттарына  
2-қосымша  
1-нысан

## Ірі қара малдың аналық басын ұрықтандыру және зерттеп-қарау туралы акт

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

Біз, ұрықтандырушы-техник \_\_\_\_\_,

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

және шаруашылық/кооператив басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

төмендегі тізімдемеге сәйкес \_\_\_\_\_ бас аналық бас қолдан

ұрықтандырылғаны және зерттеп-қарау нәтижелері бойынша ірі қара малдың

\_\_\_\_\_ аналық басының нақты ұрықтандырылғаны анықталғаны туралы осы актіні жасадық.

Р/с №	Шаруашылықтың/ауыл шаруашылығы кооперативінің атауы	Мал иесінің мекенжайы (елді мекен атауы)	Малдың бірдейлендіру нөмірі	Ұрықтандырылған күні	Зерттеп - қарау күні	Зерттеп-қарау нәтижесі

Біз осы алынған төлді САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркеу және осы актінің мәліметтерін САТЖАҚ-қа енгізу міндеттемелерін қабылдаймыз.

Ұрықтандырушы-техник

\_\_\_\_\_

(қолы) \_\_\_\_\_ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Шаруашылық/кооператив басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) \_\_\_\_\_ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

2-нысан

## Қойдың аналық басын ұрықтандыру туралы акт

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

Біз, ұрықтандырушы-техник \_\_\_\_\_,

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

және шаруашылық/кооператив басшысы \_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

төмендегі тізімдемеге сәйкес \_\_\_\_\_ бас қолдан ұрықтандырылғаны туралы осы актіні жасадық:

P/c №	Шаруашылықтың атауы	Мал иесінің мекенжайы (елді мекен атауы)	Малдың бірдейлендіру нөмірі	Ұрықтандырылған күні

Біз осы алынған төлді САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркеу және осы актінің мәліметтерін САТЖАҚ-қа енгізу міндеттемелерін қабылдаймыз.

Ұрықтандырушы-техник \_\_\_\_\_

(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Шаруашылық/кооператив басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрлігінің өзгерістер  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
4-қосымша  
Асыл тұқымды мал  
шаруашылығын дамытуды, мал  
шаруашылығының өнімділігін  
және өнім сапасын арттыруды  
субсидиялау қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

**Арнайы комиссияның субсидиялар алуға үміткер тауар өндірушінің инфрақұрылымының сәйкестігі туралы қорытындысы**

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

1. Тауар өндірушінің атауы: \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі/ заңды тұлғаның атауы)

2. Тауар өндірушінің мекенжайы: \_\_\_\_\_

3. Шаруашылықтың есепке алу нөмірі \_\_\_\_\_

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларына сәйкес шаруашылықтың қызмет түрінің коды: \_

5. Субсидиялау бағыты \_\_\_\_\_

6. Өткен жылғы нақты өндіріс (24-СХ нысаны бойынша жылдық статистикалық деректердің негізінде, қызметін 12 айдан аз жүзеге асырып келе жатқан тауар өндірушілер үшін нақты өндіріс көлемі айлардағы қызмет кезеңіне бөлініп, 12 айға көбейтілген өндірілген өнімнің нақты мәлімделген көлеміне сүйене отырып айқындалады) \_\_\_\_\_

Аталған шаруашылықтарды қарап-тексеру және деректерді салыстырып-тексеру нәтижелері бойынша арнайы комиссия мынадай шешім қабылдайды:

Өлшемшарттар мен талаптар	Сәйкес келеді	Сәйкес келмейді
Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас бұқашықтарды бордақылау алаңы: етті бағыттағы ірі қара мал кәсіпорындарын технологиялық жобалаудың ұсынылған нормасына сәйкес инфрақұрылымы дамыған ірі қара малды бордақылауға арналған: карантиндік алаңы; кіру дезинфекциялық тосқауылы; малдарды ұстауға арналған қаша; желден қорғау (оңтүстік облыстар үшін міндетті емес);науалар мен суаратын астаулардың алдында қатты жабын; бетонды/ темір науалар немесе азықтық үстелдер (бір басқа 30 сантиметр);автономды көзі және сумен жабдықтау жүйесі;жылытылатын автосуаттары (оңтүстік облыстар үшін міндетті емес);көң сақтау орны және қар суларын жинауға арналған мүйіс;азық дайындағыш және азық таратқыш техникасы /жабдық (ұсақтағыш/астықты жаншығыш немесе құрамажем цехы, азықтаратқыштар); азықтарды сақтауға арналған орын;ветеринариялық пункт, өткелек және ірі қара малға арналған электрондық таразылары бар бекіткіш;электрондық бірдейлендіру тәсілдерінің санағышы;малдарды түсіруге және тиеуге арналған басқышы бар мамандандырылған алаң; азықтың қажетті көлемінің болуы және бұқашықтарды астықпен бордақылауға арналған рационның сақталуы.		

<p>Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 5000 бас қошқарларды бордақылау алаңдары: өндірістік объектілердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес орналасқан және инфрақұрылымы дамыған ұсақ малды бордақылауға арналған мамандандырылған карантиндік алаңы;кіру дезинфекциялық тосқауылы;малдарды ұстауға арналған қаша; желден қорғау (оңтүстік облыстар үшін міндетті емес);науалар мен суаратын астаулардың алдында қатты жабын ; бетонды/ темір науалар немесе азықтық үстелдер (бір басқа 10 сантиметр);автономды көзі және сумен жабдықтау жүйесі;жылытылатын автосуаттары (оңтүстік облыстар үшін міндетті емес);азық дайындағыш және азық таратқыш техникасы /жабдық ( ұсақтағыш/астықты жаншығыш немесе құрамажем цехы, азықтаратқыштар); азықтарды сақтауға арналған орын;ветеринариялық пункт, өткелек және ұсақ малға арналған электрондық таразылары бар бекіткіш;азықтың қажетті көлемінің болуы.</p>		
<p>Тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал/ тәулігіне кемінде 300 бас қой соятын ет өңдеуші кәсіпорындар : мал союға арналған автоматтандырылған технологиялық желісі, етті сақтайтын тоңазыту камералары, жару және тарамдау цехы, дайын өнімді буып-түю цехы, дайын өнімді сақтауға арналған тоңазытқыш камералары, тыныс-тіршілік жүйесінің инфрақұрылымымен және жабдықтары, ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханасы бар кәсіпорын.</p>		
<p>Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындар : 1) жобалық қуаты жылына кемінде тәулігіне 1500 бас ірі қара малды сою және етін сүйектен ажырату бойынша өз жабдығы;2) сойылған ірі қара малдың қалдықтарын кәдеге жарататын өз жүйесі бар;3) халықаралық сапа стандартына (халықаралық аудитпен расталған) сәйкес болуы.</p>		
<p>Бағымдағы сиыр басы 600 бастан басталатын шаруашылықтар: пайдалануға берілген немесе тиісті инфрақұрылыммен жаңғыртудан өткен, 1) сиырларды байламай ұстауға арналған қора-жайы;2) автоматтандырылған сауу қондырғысы бар сауу залы (карусель, шырша, параллель, тандем, роботталған машина); 3) азықтаратқыш және суару; 4) азықтық цехтары; 5) ветеринариялық пунктты; 6) азық дайындау үшін жер алқаптары (өздігінен дайындаған жағдайда) бар тауарлық сүт фермасы.</p>		
<p>Бағымдағы сиыр басы 400 бастан басталатын шаруашылықтар: пайдалануға берілген немесе тиісті инфрақұрылыммен жаңғыртудан өткен, 1) сиырларды күтіп-бағуға арналған қора-жай; 2) тасымалданатын сауу қондырғыларын қоса алғанда, автоматтандырылған немесе</p>		

машинамен	саууға	арналған	жабдығы;
3)	азықтар атқыш	және	суару;
4)	азықтық		цехтары;
5) ветеринариялық пункты бар тауарлық сүт фермасы.			
Бағымдағы сиыр басы 50 бастан басталатын шаруашылықтар:1) сиырларды күтіп-бағуға арналған қора-жай;			
2) тасымалданатын сауу кондырғыларын қоса алғанда, машина саууға арналған жабдығы;			
3) ветеринариялық препараттарды сақтау орны;			
4) малға арналған бекіткіші бар тауарлық сүт фермасы.			
Етті құс фабрикасы:			
1) жылына 500 тонна құс етінің нақты өндірісі;2) жаңадан салынған немесе технологиялық жабдық бойынша жаңғыртудан өткен (құстарды күтіп-бағуға арналған жабдық, азықтандырудың, сумен жабдықтаудың, желдетудің автоматтандырылған жүйесі, құс сою желісі (сою цехы));3) тізбеленген сертификаттардың (ИСО, ХАССП азық-түлік қауіпсіздігі жүйесі) бірінің болуы.			
Суда жүзетін құс етін өндірумен айналысатын құс фабрикасы, онда:1) құстарды күтіп-бағуға арналған қора-жай;2) союға арналған жабдық бар.			
Жұмыртқалы құс фабрикасы:1) жылына 20 миллион данадан бастап нақты өндіріс;2) жаңадан салынған немесе технологиялық жабдық бойынша жаңғыртудан өткен (құстарды күтіп-бағуға арналған жабдық, азықтандырудың, сумен жабдықтаудың, желдетудің автоматтандырылған жүйесі, жұмыртқаларды сортқа бөлуге арналған автоматтандырылған машина);3) тізбеленген сертификаттардың (ИСО, ХАССП азық-түлік қауіпсіздігі жүйесі) бірінің болуы.			

Ескертпе: қарап-тексеру нәтижелері бойынша тиісті бағанға әрбір өлшемшарт пен инфрақұрылым бойынша жеке-жеке қанат белгісі қойылады.

Арнайы комиссияның қорытындысы: \_\_\_\_\_

Арнайы комиссияның құрамы: \_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, (ұйымның атауы және лауазымы) (қолы)

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, (ұйымның атауы және лауазымы) (қолы)

Тауар өндірушінің қолы \_\_\_\_\_

Осы қорытынды субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде және селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қорында орналастырылуы тиіс.

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ХАССП (ағылшын тілінен HACCP – Hazard Analysis and Critical Control Points) - тәуекелдерді және сыни бақылау нүктелерін талдау үшін әзірленген және қабылданған халықаралық стандарт;

ИСО (ағылшын тілінен ISO – International Standard for Organization) - стандарттау жөніндегі ұлттық ұйымдардың дүниежүзілік федерациясы әзірлеген және қабылдаған халықаралық стандарт.